



аудандық қоғамдық - саяси газет

районная общественно - политическая газета

АЛТЫН астық

20 қазан - октябрь 2025 год

eginredaksiya.kz

№ 40(664)

Президент тапсырмасы бойынша Үкімет макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформалардың теріс салдарын барынша азайту бағытында шаралар қабылдауда

Премьер-министр Үкімет мүшелерінің, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының қатысуымен Мемлекет басшысының азаматтар мүддесі үшін экономикалық реформалар бағдарламасын жүзеге асыруды ретке келтіру жөніндегі тапсырмаларын орындау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Жиын қорытындысы бойынша келесідей шешімдер қабылданды.

Бірінші.

Биылғы 16 қазаннан бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізіледі.

Премьер-министр Энергетика министрлігіне Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тиісті қадағалау жүргізуді, сондай-ақ ішкі нарықты ЖЖМ-мен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Екінші.

Биылғы 16 қазаннан бастап барлық тұтынушылар тобы үшін коммуналдық қызметтер тарифтерін көтеру 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін тоқтатылады. Тарифтердің өсуін тежеу табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық шығыстарын оңтайландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте ТКШ жүйесі нысандарында жоспарланған барлық жөндеу жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Айта кету керек, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тұрғын үй көмегін көрсету тетігі қолданылады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру көлемін екі есе ұлғайту арқылы тұрақтандыру қорларының жұмысына қосымша серпін беріледі, бұл өз кезегінде ӘМАТ санатына жататын өнімдер бағасының төмендеуіне әкеледі.

Делдалдық схемаларды және сауда үстемелерін асыра қосу фактілерін анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмысын күшейтуге ерекше назар аударылады.

Үшінші.

Жаңа Салық кодексінің шағын және орта бизнес қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануға салынатын басы артық шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылданды. Тыйым салынған тізімде, қолданыстағы заңнамадағыдай, тек 44 қызмет түрі сақталады.

Одан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық әкімшілендіру «таза парактан» жүргізіледі, бұл микро және шағын бизнеске қатысты келесі жайттарды көздейді:

- салықтық тексерулер алынып тасталады;
- камералдық бақылау алынып тасталады;
- сот органдарына мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады;
- сот органдарына тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады.

Салықтар мен төлемдер бойынша салынған өсімпұлдар мен айыппұлдар 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін негізгі қарыз өтелген жағдайда жойылады.

ҚҚС бойынша есепке қою шегінен асқан салық төлеушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Сондай-ақ салық төлеушілер үшін салық және әділет органдарында камералдық және салықтық тексерулер жүргізбей-ақ, оңайлатылған тәртіппен есептен шығару науқаны өткізіледі.

Бұл жаңа Салық кодексін кезең-кезеңімен енгізуге және салық төлеушілер үшін салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Төртінші.

Базалық мөлшерлеменің көтерілуіне байланысты екінші деңгейлі банктер тарапынан ипотекалық бағдарламалар бойынша ұсыныстардың қысқаруы аясында тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесін қолдау туралы шешім қабылданды. Соған сәйкес, халық үшін арзандатылған ипотекалық несие көлемі екі есе ұлғаяды, бұл тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған шара қолданыстағы «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» бағдарламалары арқылы несиелеу көлемін 500 млрд теңгеге дейін ұлғайту жолымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар сұранысқа ие «Әскери баспана» бағдарламасы қайта іске қосылады, ол жыл сайын кемінде жеті мың әскери қызметшінің отбасына жаңа үйден бөлек, қайталама нарықтан да пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Құрылыс компанияларымен осы бағдарламалар шеңберінде салынатын тұрғын үй құрылысы бойынша офтейк-келісімшарттар жасалады. Бұл ретте құрылыс салушылар үш жылға бағаны бекіту бойынша қарсы міндеттемелер қабылдайды.

Бесінші.

Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады. Жеке тұлғаларға жеңіл автокөлік сатып алу бойынша лизинг



Құрметті жерлестер!

Сіздерді Ұлы мемлекеттік мереке — Қазақстан Республикасы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл айтулы күн еліміздің тарихында ерекше орын алады. Бұл жаңа дәуірдің басталуын, өркендеуге, бірлік пен әділеттілікке ұмтылған тәуелсіз мемлекеттің дүниеге келуін білдіреді.

Бүгінде Қазақстан өзінің саяси, экономикалық және рухани негіздерін нығайта отырып, жасампаздық жолымен сенімді жүріп жатыр. Бұл ілгерілемелі қозғалыста сіздердің әрқайсыларыңыздың еңбектеріңіз бен күш — жігерлеріңіз, қымбатты аудан тұрғындары. Сіздердің игі істеріңіз, жанқиярлықтарыңыз және болашаққа деген сенімдеріңіз біздің кішкентай Отанымыз-Егіндікөл ауданын-күшті, әдемі және гүлденген етуде.

Бұл мереке бейбітшілік пен келісім үшін біздің туған өлке, сүйікті Республикамызды жаңа жетістіктерге шабыттандырсын!

Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, амандық, бейбітшілік және Ұлы Қазақстанның азаматтары екендігімізге мақтаныш тілеймін!

Республика Күні Құтты Болсын! Әр үйде қуаныш естілсін, әр жүректе Отанға деген сүйіспеншілік өмір сүрсін!

Құрметпен,
Егіндікөл ауданының әкімі
Юрий КУРУШИН

Дорогие земляки!

Сердечно поздравляю вас с великим государственным праздником — Днём Республики Казахстан!

Этот знаменательный день занимает особое место в истории нашей страны. Он символизирует начало новой эпохи, рождения независимого государства, устремлённого к процветанию, единству и справедливости.

Сегодня Казахстан уверенно идёт по пути созидания, укрепляя свои политические, экономические и духовные основы. И в этом поступательном движении — труд и старание каждого из вас, дорогие жители района. Ваши добрые дела, самоотверженность и вера в будущее делают нашу малую родину — Егиндыкольский район — сильнее, красивее и благополучнее.

Пусть этот праздник вдохновляет нас на новые свершения во имя родного края, любимой Республики, во имя мира и согласия на нашей земле! Желаю всем крепкого здоровья, счастья, благополучия, мира и гордости за то, что мы — граждане великого Казахстана!

С Днём Республики! Пусть в каждом доме звучит радость, а в каждом сердце живёт любовь к Родине!

С уважением,
аким Егиндыкольского района
Юрий КУРУШИН

Цифрландыру – ауылшаруашылығын дамыту тетігі

Мемлекет басшысы Қасым –Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында заманауи технологияларды, әсіресе жасанды интеллект пен цифрландыруды мемлекеттік басқару мен экономикаға терең енгізу қажет екенін нақты атап көрсетті. Бұл - дегеніміз мемлекетіміздің жаһандық бәсекеге қаблеттілігін арттыру жолындағы маңызды қадам. Президентіміз Жолдауда ауылшаруашылығы саласының стратегиялық маңыздылығына тоқталып өтті.

Еліміз аграрлық әлеуетті жоғары мемлекет ретінде өзімізді сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық нарыққа да экспорттық мүмкіндігі мықты елге айналуға тиіс екенін атап өтті. Сол үшін ауылшаруашылық саласына цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу қажет. Бұл жұмыс бұрында жүргізілген еді, бірақ тиісті дәрежеде істелген жоқ.

Экономикасының негізі ауылшаруашылығы болып саналатын Ақмола облысының ірі астықты аймақтарының бірі – Егіндікөл ауданы үшін жолдауда айтылған басымдықтар нақты бағдар әрі тікелей тәжірибелік мәнге ие десем артық айтқаным емес. Технологиялық жаңғырту, әсіресе өндірісті цифрландыру агроөнеркәсіп кешенін жетілдіруге өз септігін тигізеді және шешім қабылдаудың дәлдігі мен тиімділігін арттырады. Ал жасанды интеллект өсімдік аурулары мен зиянкестерді

тетігі енгізіледі. Бұл азаматтардың автокөлік сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Одан бөлек, «Бәйтерек» холдингіне қысқа мерзімде шағын және орта бизнесті қолдаудың қосымша шаралары бойынша ұсыныстар беру тапсырылды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет жүргізіп отырған реформалар еліміздің ұзақмерзімді тұрақты экономикалық

ерте анықтауға, өнімділікке қатысты болжамдар жасауға, нақты деректерге негізделген аграрлық оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық шешімдерге негізделген дрондар, сенсорлар, смартфермалар, интеллектуалды суару және дәлме-дәл егіншілік жүйелері ауыл шаруашылығында автоматтандыруды қамтамасыз етіп, әрі ресурстарды ұтымды пайдалануға негіз болады.

Ауылдағы еңбек адамын қолдауға бағытталған - фермерлерге арналған онлайн сервистерді дамыту, мемлекеттік қолдау мен субсидиялардың ашықтығын қамтамасыз ету қажет және тиімді шаралар.

Жолдауда экологиялық таза, әрі органикалық өнім өндіру негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалды. Жасанды интеллект және цифрландыру ауыл шаруашылығында өнімділікті арттырып қана қоймай, ресурстарды үнемдеуге, өнім сапасын жақсартуға, қауіпсіздікті нығайтуға және халықаралық нарықты бәсекеге қабілетті болуға, мүкіндік береді деді, ел Президенті.

Қ. Шынтеміров,
Егіндікөл аудандық
мәслихатының төрағасы

өсуін қамтамасыз етуге, экономикада базалық нарықтық қағидаттарды терең орнықтыруға бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте Үкімет Мемлекет басшысының әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын арттыру қажеттігі туралы нұсқауларын, экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, қатаң ұстанады.

primeminister.kz

2

Ағымдағы жылдың басынан бастап ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті өңірдегі мемлекеттік органдарда 46 тексеріс жүргізді. Бақылау іс-шаралары барысында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама мен қызметтік әдеп нормаларын бұзудың 382 фактісі анықталды. Тексерістердің нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында 22 ұсыныс енгізілді. Талдау нәтижелері мемлекеттік органдар тарапынан бірқатар негізгі бағыттар бойынша белгіленген талаптардың жүйелі түрде сақталмайтынын көрсетеді. Атап айтқанда, іссапар шығындарын өтеу тәртібін бұзу бойынша – 52 жағдай, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану рәсімдерін бұзу бойынша – 51 жағдай, сондай-ақ конкурстық рәсімдерді ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бұзу бойынша – 42 жағдай тіркелген.

Жүргізілген тексерістердің нәтижесінде 26 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ 3 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды. Заңдылықты

Ақмола облысында 26 лауазымды тұлға тәртіптік

жауапкершілікке тартылды

қалпына келтіру мақсатында мемлекеттік органдардың қолданыстағы заңнама талаптарын бұза отырып қабылдаған 23 шешімі мен актісі күшін жойды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 88 анықталған заң бұзушылық жойылды. Ақмола облысының ветеринария басқармасында жүргізілген тексеріс нәтижесінде мемлекеттік орган қызметкерлеріне іссапар шығындарын заңсыз төлеу фактілері анықталды. Департаменттің талабы бойынша 450 424 теңге көлеміндегі қаражат қайтарылды. Анықталған заң бұзушылықтарға байланысты аталған басқарманың 6 мемлекеттік қызметшісі әртүрлі жауапкершілік түрлеріне тартылды. Департамент енгізген ұсыныстарды қарау нәтижесінде өздерінің заңды құқықтарын қорғау мақсатында жүгінген 49 мемлекеттік қызметші мен азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілгенін атап өткен жөн. Атап айтқанда, қабылданған шаралар аясында заңнама талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық комиссия мен кадр қызметінің 3 шешімі күшін жойды. Сондай-ақ, тәртіптік

26 должностных лиц привлекли к дисциплинароной ответственности в Акмолинской области

С начала текущего года Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области проведено 46 проверок в государственных органах региона. В ходе контрольных мероприятий выявлено 382 факта нарушения законодательства в сфере государственной службы и требований норм служебной этики. По результатам проверок внесено 22 представления с целью устранения выявленных нарушений.

Итоги анализа свидетельствует о систематическом несоблюдении государственными органами установленных требований в ряде ключевых направлений. В частности, зафиксированы нарушения порядка возмещения командировочных расходов (52 случая), процедур наложения дисциплинарных взысканий на государственных служащих (51 случай), а также правил организации и проведения конкурсных процедур (42 случая). По итогам проведённых проверок к дисциплинарной ответственности привлечены 26 должностных лиц, составлены 3 протокола об административных

правонарушениях. В целях восстановления законности отменены 23 решения и акта, принятые государственными органами с нарушением действующего законодательства. В результате принятых мер устранено 88 выявленных нарушений. В результате проведённой проверки в Управлении ветеринарии Акмолинской области выявлены факты неправомерного осуществления выплат командировочных расходов сотрудникам государственного органа. По требованию Департамента произведён возврат средств в размере 450 424 тенге. В связи с допущенными нарушениями к различным видам ответственности привлечены 6 государственных служащих указанного управления. Следует подчеркнуть, что в результате рассмотрения представлений, внесённых Департаментом, обеспечено восстановление нарушенных прав 49 государственных служащих и граждан, обратившихся за защитой своих законных интересов.

В частности, в рамках принятых мер были отменены 3

Ақмола облысында мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығындары өтелмеген

берілді. Жүргізілген жұмыс барысында Департамент мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану рәсіміне қатысты жүйелі заң бұзушылықтарды анықтады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде тәртіптік жаза қолдану туралы 13 актінің күші жойылып, олар заңсыз деп танылды. Қызмет нәтижелерін бағалау негізінде көзделген бонус төлемдерінің мөлшерін негізсіз төмендету фактілері анықталды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшінің өтінішін қарау барысында бонус мөлшерін есептеу кезінде мемлекеттік орган басшысы қағаз тасығышта жүргізілген бағалауға сүйенгені белгілі болды, бұл белгіленген нормативтік талаптарға қайшы келеді. Сонымен қатар, бағалауды ақпараттық жүйе арқылы жүргізу мүмкіндігі болған, ал оның нәтижелері, анықталғандай, әлдеқайда жоғары болған. Нәтижесінде, Департаменттің нұсқамасына сәйкес, мемлекеттік қызметшіге 325 371 теңге көлемінде қосымша бонус төлемі жүргізілді.

Мемлекеттік қызметшілерді қызметтік іссапарларға жіберу кезінде заңнама талаптарының сақталуына қатысты Департамент жүргізген талдау нәтижесінде олардың еңбек құқықтарының жүйелі түрде бұзылуы анықталды. Бұзушылықтардың басым бөлігі іссапар шығындарының толық көлемде өтелмеуімен байланысты, ал кейбір жағдайларда

жаза қолдану туралы 9 актінің күші жойылды. Еңбек құқықтарын қалпына келтіру мақсатында 21 мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері берілді, 13 қызметкерге еңбек демалысы төлемдерінің кешіктірілгені үшін есімсіздік төленді, ал 2 қызметкерге мереке және демалыс күндері жұмысқа тартылғаны үшін өтемақы төленді. Департамент енгізген ұсыныстар анықталған заң бұзушылықтарды жоюға және мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге ықпал етті. Сонымен қатар, жүргізілген талдау нәтижелері мемлекеттік органдар тарапынан профилактикалық жұмысты күшейту және бақылау функцияларының тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының ақпараты

решения конкурсной комиссии и кадровой службы, признанные несоответствующими требованиям законодательства. Также аннулированы 9 актов о наложении дисциплинарных взысканий. В целях восстановления трудовых прав 21 государственным служащим предоставлены отгулы, 13 работникам произведена выплата пени за несвоевременное перечисление отпускных, а 2 сотрудникам компенсированы расходы, связанные с привлечением к работе в праздничные и выходные дни.

Представления, внесённые Департаментом, способствовали устранению выявленных нарушений и восстановлению нарушенных прав государственных служащих и граждан. В то же время, результаты проведённого анализа свидетельствуют о необходимости усиления профилактической деятельности и повышения эффективности контрольных функций со стороны государственных органов.

Информация управления контроля в сфере государственной службы

бюджет қаражатының болмауына байланысты төлемдер мүлдем жүргізілмеген. Департамент қабылдаған шаралардың нәтижесінде 195 мемлекеттік қызметшіге жалпы сомасы 9 475 814 теңге көлемінде іссапар шығындары өтелді.

Қолданыстағы Қағидаларда көзделген белгіленген лимиттерден асып кеткен іссапар шығындарын негізсіз өтеу фактілері де анықталды. Жүргізілген талдау нәтижесінде осындай 119 факт тіркеліп, жалпы сомасы 2 815 610 теңгені құрады. Қазіргі уақытта оның 1 229 648 теңге ерікті түрде бюджетке қайтарылды.

Сонымен қатар, Департамент жүргізген талдау нәтижесінде мемлекеттік қызметшілерге жыл сайынғы еңбек демалысы үшін ақшалай қаражаттың уақытылы төленбеуіне қатысты 43 факті анықталды. Департаменттің нұсқамасы бойынша аталған тұлғаларға төлемдердің кешіктірілуіне байланысты жалпы сомасы 59 417 мың теңгеден асатын айыппұл есептеліп, төленді.

Анықталған жүйелі мәселелер ішкі бақылау тетіктерін одан әрі жетілдіруді, мемлекеттік органдар басшыларының құқықтық сауаттылығын арттыруды және еңбек заңнамасы нормаларының тиісті орындалуын қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл бағыттағы Департаменттің жұмысы жалғасын табатын болады.

Қазіргі цифрлық қоғамда мемлекеттік органдар азаматтар алдында тек әкімшілік емес, сонымен қатар ақпараттық жауапкершілік те атқарады. Осы жауапкершіліктің негізгі құралдарының бірі - ресми интернет-ресурстар, олар сенімді әрі жедел ақпарат көзі ретінде қызмет етуі тиіс. Бұл ашықтықты, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сенімділік деңгейін арттырады және жалған ақпаратпен күресуге көмектеседі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті өңірдегі жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарына талдау жүргізді. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері үшін семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында анықталған кемшіліктер қарастырылып, ресми сайттардың ақпараттық ашықтығын арттыру және сапасын жақсарту жолдары талқыланды.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде кадрлық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпаратты интернет-ресурстарда орналастыруға міндетті, бұл ретте орналастыру және

жаңарту күні көрсетілуі тиіс. Талдау барысында ақпараттың орналастырылмауы немесе оның өзектілігінің болмауына байланысты бұзушылықтар анықталды, бұл азаматтардың қызықтыратын мәліметтерге қол жеткізуін едәуір қиындатады. Атап айтқанда, көптеген мемлекеттік органдардың әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын жарияламайтыны анықталды. Сонымен қатар, орналастырылған нормативтік құқықтық актілердің бірқатары өзектілігін жоғалтқан, бұл олардың ақпараттық құндылығын төмендетеді. Сондай-ақ, бос лауазымдарды иелену мәселелері бойынша азаматтарға кеңес беруге уәкілетті кадр қызметкерлерінің байланыс деректерінің болмауы тіркелді. Кейбір жағдайларда ақпарат толық емес немесе бұрмаланған түрде ұсынылған, бұл кадрлық ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігіне теріс әсер етеді.

Жүргізілген талдау аясында Әдеп жөніндегі уәкілдер туралы міндетті ақпараттың болуын тексеруге ерекше назар аударылды. «Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережеге» сәйкес, мұндай мәліметтерге аты-жөні, фотосуреті, кабинет нөмірі және байланыс телефоны жатады. Көрсетілген ақпарат мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында,

Государство онлайн: интернет-ресурсы госорганов проанализировали в Акмолинской области

доверие, доступ к информации, помогает бороться с дезинформацией и поддерживает имидж государства. Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области проведен анализ интернет-ресурсов местных исполнительных органов региона. По результатам проведённого анализа был организован семинар

сондай-ақ әкімшілік ғимарат ішінде келушілерге қолжетімді орындарда орналастырылуы тиіс. Талдау барысында кейбір мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында бірқатар міндетті мәліметтердің жоқ екені анықталды. Атап айтқанда, азаматтарды қабылдау кестелері, кабинет нөмірлері, сондай-ақ кері байланыс үшін арналған электрондық почта мекенжайлары орналастырылмаған. Сонымен қатар, ескірген ақпараттың орналастырылған жағдайлары да анықталды, бұл ұсынылатын деректердің толықтығы мен шынайылығына теріс әсер етеді.

Семинар қорытындысы бойынша Департамент тарапынан анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсынымдар енгізілді. Интернет-ресурстарда орналастырылған ақпаратқа қатысты анықталған кемшіліктер мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық ашықтығын, айқындығын және азаматтар үшін мәліметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді әрі жүйелі жұмыстың қажеттілігін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының ақпараты

В современном цифровом обществе государственные органы несут не только административную, но и информационную ответственность перед гражданами. Одним из ключевых инструментов этой ответственности являются официальные интернет-ресурсы, которые должныслужитьдостовернымииоперативнымисточником информации. Это обеспечивает прозрачность,

№40

компетенции обязаны размещать информацию по вопросам кадрового обеспечения на интернет-ресурсах с указанием даты размещения и обновления. В ходе анализа были выявлены нарушения, связанные с отсутствием размещения информации либо её неактуальностью, что существенно затрудняет гражданам доступ к интересующим сведениям. В частности, установлено, что значительное число государственных органов не публикует квалификационные требования к административным государственным должностям. Кроме того, размещённые нормативные правовые акты в ряде случаев утратили актуальность, что снижает их информативную ценность. Также зафиксировано отсутствие контактных данных сотрудников кадровых служб, уполномоченных осуществлять консультирование граждан по вопросам замещения вакантных должностей. В отдельных случаях информация представлена неполно либо содержит искажения, что негативно влияет на прозрачность и доступность кадровой информации. В рамках проведённого анализа особое внимание было уделено проверке наличия обязательной информации об уполномоченных по этике. К таким сведениям в соответствии с «Положением об уполномоченном по этике», относятся фамилия, инициалы, фотография,

номер кабинета и контактный телефон. Указанная информация подлежит размещению как на официальном интернет-ресурсе госоргана, так и в доступных для посетителей местах внутри административного здания. В ходе анализа установлено, что на интернет-ресурсах отдельных госорганов отсутствует ряд обязательных сведений. В частности, не размещены графики приёма граждан, номера кабинетов, а также адреса электронной почты, предназначенные для обратной связи. Кроме того, выявлены случаи размещения устаревшей информации, что негативно влияет на полноту и достоверность предоставляемых данных. По итогам семинара Департаментом внесены рекомендации о принятии мер по устранению выявленных нарушений. Отмеченные недостатки в наполнении интернет-ресурсов свидетельствуют о потребности в проведении комплексной и системной работы, направленной на обеспечение информационной открытости, прозрачности деятельности государственных органов и доступности сведений для граждан.

Информация управления контроля в сфере государственной службы

Мемлекеттік қызмет

«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру».

1 Көрсетілетін қызметті берушінің атауы Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар аудандардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

2 Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері

1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

3) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

3 Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдау – өтінішті тіркеген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні;

алғашқы рет жүгінген көрсетілетін қызметті алушыларға куәлік беру – Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

куәліктің телнұсқасын беру – көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні;

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений»

Наименование государственной услуги: «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений».

1 Наименование услугодателя – Местные исполнительные органы городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного значения

2 Способы представления государственной услуги

1) услугодателем;

2) через некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация);

3) посредством веб-портала «электронного правительства» www.egov.kz (далее – портал).

3 Срок оказания государственной услуги

На принятие решения о регистрации (отказе в регистрации) граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, – 20 (двадцать) рабочих дней со дня регистрации заявления;

На выдачу удостоверения впервые обратившимся услугополучателям – 5 (пять) рабочих дней после принятия решения о регистрации граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне;

На выдачу дубликата удостоверения – 5 (пять) рабочих дней со дня регистрации заявления услугополучателя;

4 Форма оказания государственной услуги – Электронная (частично автоматизированная)/ бумажная

5 Результат оказания государственной услуги:

1) решение о признании граждан Республики Казахстан пострадавшими вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне;

2) выдача удостоверения или его дубликата;

3) выплата компенсации путем перечисления на банковские счета услугополучателя;

6 Размер платы, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан – Бесплатно.

7 Перечень документов и сведений, истребуемых у услугополучателя для оказания государственной услуги:

1)заявление по форме;

2)документ, удостоверяющий личность, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);

3) документы, подтверждающие факт и период проживания на территории Семипалатинского испытательного ядерного полигона в периоды с 1949 по 1965 годы, с 1966 по 1990 годы при наличии – удостоверение, выданное ранее в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне».

Безопасный отопительный сезон – ответственность каждого жителя



С наступлением холодов и началом отопительного периода в жилом секторе и организациях района возрастает риск возникновения пожаров и несчастных случаев. Основные причины – нарушение правил эксплуатации отопительных печей и газового оборудования, перегрузка и неисправность электросетей, использование самодельных обогревательных приборов.

Практика показывает: пожары в осенне-зимний период нередко приводят к гибели и травмированию людей, а также к значительному материальному ущербу. Чтобы избежать трагедий, сотрудники отдела по чрезвычайным ситуациям района напоминают: Правила пожарной безопасности в отопительный сезон:

- печное отопление необходимо проверить и отремонтировать заранее, очистить дымоходы от сажи;
- запрещается оставлять топящиеся печи без присмотра, поручать их растопку детям;
- нельзя использовать для розжига легковоспламеняющиеся жидкости;
- электрообогреватели должны быть заводского изготовления, с исправными проводами и вилками;
- не допускается включать в одну розетку несколько мощных электроприборов;
- газовое оборудование должно проходить регулярное обслуживание специалистами, категорически запрещается вмешиваться в его конструкцию самостоятельно;
- запрещается сушить вещи на печах, возле электрообогревателей и газовых плит.

Уважаемые жители района!

Помните: ваша безопасность и сохранность жилья зависят от вашей дисциплины и соблюдения правил. Любая мелкая неисправность или неосторожность может обернуться большой бедой. В случае возгорания незамедлительно звоните по телефонам 101 или 112.

Пусть нынешний отопительный сезон пройдёт спокойно и безопасно для каждого дома!

Укомплектование вакантных должностей в сфере гражданской защиты и военной службы

В целях повышения уровня безопасности населения и укомплектования личного состава, проводится набор кандидатов на воинскую службу по контракту в воинскую часть №55209 (г. Акколь), а также в подразделения Департамента по чрезвычайным ситуациям Акмолинской области.

Кроме того, в пожарной части №25 Отдела по чрезвычайным ситуациям Егиндыкольского района объявлен набор сотрудников на следующие вакантные должности:



- начальник части;
- водитель пожарного автомобиля;
- пожарный-спасатель.

Приглашаются граждане, имеющие желание служить Родине, обладающие хорошим состоянием здоровья, необходимыми моральными и профессиональными качествами.

По всем вопросам, связанным с трудоустройством и прохождением службы, можно обращаться по телефону: +7 707 307 74 58.

**Срочное фото на документы
Художественное фото.**

Печать фотографий с цифровых носителей, разработка и печать пригласительных, открыток, визиток и другой продукции. Обращаться в редакцию газеты «Егiндiкөл» по адресу: с. Егиндыколь, ул. Победы, 7.

«Көркем Құм» ЖШС Ақмола облысы Егіндікөл ауданында орналасқан Полтавское кен орнының құрылыс құмын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Полтавское а., Көркем а.

Учаскелер орталығының географиялық координаттары: №1 учаске: 51°7'40.26»с.е. 69°49'0.61»ш. б., №2 учаске: 51°8'0.37»с. е., 69°49'3.93»ш. б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Полтавское а. (51.107672 с. е., 69.767055 ш.б.), Көркем а. (51.167137 с. е., 69.791139 ш. б.).

Тыңдаулар келесі мекен-жай бойынша өтеді: 1)08.12.2025 ж. сағат 11.00-де Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Полтавское а, Мәдениет үйі, Целинная көшесі, 5. Сондай-ақ, ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында конференцияны

ТОО «Көркем Құм» проводит общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к плану горных работ на добычу строительного песка месторождения Полтавское, расположенного в Егиндыкольском районе Акмолинской области. Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Акмолинская обл., Егиндыкольский район, пос. Полтавское, пос. Коркем. Географические координаты центра участков: Участок №1: 51°7'40.26»с.ш. 69°49'0.61»в.д., участок №2: 51°8'0.37»с.ш., 69°49'3.93»в.д. Географические координаты территории воздействия: пос. Полтавское (51.107672с.ш., 69.767055в.д.), пос. Коркем (51.167137с.ш., 69.791139в.д.).

Слушания состоятся: 1) 08.12.2025 г. в 11.00 ч. по адресу: Акмолинская область, Егиндыкольский район, пос. Полтавское, дом культуры, ул. Целинная, 5. Также в формате

«Көркем Құм» ЖШС Ақмола облысы Егіндікөл ауданында орналасқан Полтавское кен орнының құрылыс құмын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Полтавское а., Көркем а.

Учаскелер орталығының географиялық координаттары: №1 учаске: 51°7'40.26»с.е. 69°49'0.61»ш. б., №2 учаске: 51°8'0.37»с. е., 69°49'3.93»ш. б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Полтавское а. (51.107672 с. е., 69.767055 ш.б.), Көркем а. (51.167137 с. е., 69.791139 ш. б.).

Тыңдаулар келесі мекен-жай бойынша өтеді: 1)09.12.2025 ж. сағат 11.00-де Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Полтавское а, Мәдениет үйі,

ТОО «Көркем Құм» проводит общественные слушания по проектам: Проект нормативов эмиссий, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды к плану горных работ на добычу диоритов (магматических пород) на месторождении «Державинское» Жаркаинского района Акмолинской области. Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Акмолинская обл., Егиндыкольский район, пос. Полтавское, пос. Коркем. Географические координаты центра участков: Участок №1: 51°7'40.26»с.ш. 69°49'0.61»в.д., участок №2: 51°8'0.37»с.ш., 69°49'3.93»в.д. Географические координаты территории воздействия: пос. Полтавское (51.107672с.ш., 69.767055в.д.), пос. Коркем (51.167137с.ш., 69.791139в.д.).

Слушания состоятся:

ХАБАРЛАНДЫРУ

сәйкестендіру: 413 945 6516 кіру коды: 777. 2) 08.12.2025 ж. сағат 12:00-де Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Көркем а., спорт залы ғимараты. Сондай-ақ, ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516 кіру коды: 777

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашысы - «Көркем Құм» ЖШС БСН 140140001039, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Полтавское ауылы, е-mail: Nur-ali_group@mail.ru, тел: +7 777 474 6070.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский 4Г ш.а., 2 қабат, тел.: 8 (776) 1124854, е-mail: alait@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банк»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

видеоконференцсвязи ZOOM Meeting Cloud, идентификация конференции: 413 945 6516 Код доступа: 777

2) 08.12.2025 г. в 12:00 ч. по адресу: Акмолинская область, Егиндыкольский район, пос. Коркем, здание спортивного зала. Также в формате видеоконференцсвязи ZOOM Meeting Cloud, идентификация конференции: 413 945 6516 Код доступа: 777

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «Көркем Құм» БИН 140140001039, Акмолинская область, Егиндыкольский район, село Полтавское, е-mail: Nur-ali_group@mail.ru, тел: +7 777 474 6070.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, 2 этаж, тел.: 8 (776) 1124854, е-mail: alait@mail.ru

Ознакомиться с документами, выносимыми на

ХАБАРЛАНДЫРУ

Целинная көшесі, 5. Сондай-ақ, ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516 кіру коды: 777. 2) 09.12.2025 ж. сағат 12:00-де Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Көркем а., спорт залы ғимаратында. Сондай-ақ, ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516 кіру коды: 777

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашысы - «Көркем Құм» ЖШС БСН 140140001039, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Полтавское ауылы, е-mail: Nur-ali_group@mail.ru, тел: +7 777 474 6070.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский 4Г ш.а., 2 қабат, тел.: 8 (776) 1124854, е-mail: alait@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи

ОБЪЯВЛЕНИЕ

1) 09.12.2025 г. в 11.00 ч. по адресу: Акмолинская область, Егиндыкольский район, пос. Полтавское, дом культуры, ул. Целинная 5. 2) 09.12.2025 г. в 12:00 ч. по адресу: Акмолинская область, Егиндыкольский район, пос. Коркем, здание спортивного зала. Также в формате видеоконференцсвязи ZOOM Meeting Cloud, идентификация конференции: 413 945 6516 Код доступа: 777

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «Көркем Құм» БИН 140140001039, Акмолинская область, Егиндыкольский район, село Полтавское, е-mail: Nur-ali_group@mail.ru, тел: +7 777 474 6070.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, 2 этаж, тел.: 8 (776) 1124854, е-mail: alait@mail.ru

Ознакомиться с документами, выносимыми на

https://hearings.ndbecology.gov.kz/ порталында танысуға болады, сондай-ақ «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ е-mail бойынша құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait@mail.ru және тел: 8 (776) 112 4854. Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекенжайы: exresco2@mail.ru , сондай-ақ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://hearings.ndbecology.gov.kz/

общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» https://hearings.ndbecology.gov.kz/, а также на сайте МИО ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов по е-mail: alait@mail.ru и по тел: 87761124854.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» г. Кокшетау, ул. Абая 89, тел.: 8(7162)401403, электронный адрес exresco2@mail.ru, а также на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурцов» https://hearings.ndbecology.gov.kz/

ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банк» https://hearings.ndbecology.gov.kz/ порталында танысуға болады, сондай-ақ «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ е-mail бойынша құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait@mail.ru және тел: 8 (776) 112 4854. Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекенжайы: exresco2@mail.ru , сондай-ақ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://hearings.ndbecology.gov.kz/

общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» https://hearings.ndbecology.gov.kz/, а также на сайте МИО ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов по е-mail: alait@mail.ru и по тел: 87761124854.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» г. Кокшетау, ул. Абая 89, тел.: 8(7162)401403, электронный адрес exresco2@mail.ru, а также на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурцов» https://hearings.ndbecology.gov.kz/

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет « Алтын астық »газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балших Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.